

Басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесін және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормаларын (1 гектарға) белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімінің 2014 жылғы 29 шілдедегі № 200 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 7 тамызда № 3603 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 170 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 08.07.2015 № 170 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып, «Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 29 мамырдағы № 575 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Б е л г і л е н с і н :

1. Батыс Қазақстан облысы бойынша басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес.

2. Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1гектарға) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес.

3. 2013 жылғы 6 маусымдағы № 98 «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттен субсидиялау

туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3302 тіркелген, 2013 жылғы 4 және 6 шілдедегі «Орал өңірі» және «Приуралье» газеттерінде жарияланған) облыс әкімдігі қаулысының күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А .К. Ө т е ғ ұ л о в қ а жү к т е л с і н .

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн ө т к е н с о ң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Облыс әкімі

Н. Ноғаев

2014 жылғы 29 шілде № 200
облыс әкімдігінің қаулысына
1-қосымша

Батыс Қазақстан облысы бойынша басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі

№	Басым дақылдардың атауы
1	Жаздық бидай
2	Күздік бидай
3	Күздік қара бидай
4	Тары
5	Арпа
6	Сұлы
7	Қарақұмық
8	Дәнді-бұршақты дақылдар
9	Майлы дақылдар
10	Картоп
11	Өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолданып өсірілген картоп дақылдары
12	Көкөніс-бақша дақылдары (қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдарын қоспағанда)
13	Өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолданып өсірілген көкөніс-бақша дақылдары
14	Көп жылдық және бір жылдық шөптер (өткен жылғы егілген көп жылдық шөптерді қоспағанда)
15	Бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарында
16	Күнбағыс және сүрлемдік жүгері
17	Қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдары

2014 жылғы 29 шілде № 200
облыс әкімдігінің қаулысына
2-қосымша

Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға)

№	Басым дақылдардың атауы	1 гектарға арналған бюджеттік субсидиялардың нормалары, теңге
1	Жаздық бидай	300
2	Күздік бидай	400
3	Күздік қара бидай	400
4	Тары	400
5	Арпа	400
6	Сұлы	400
7	Қарақұмық	400
8	Дәнді-бұршақты дақылдар	400
9	Майлы дақылдар	5490
10	Картоп	15000
11	Өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолданып өсірілген картоп дақылдары	24000
12	Көкөніс-бақша дақылдары (қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдарын қоспағанда)	15000
13	Өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолданып өсірілген көкөніс-бақша дақылдары	24000
14	Көп жылдық және бір жылдық шөптер (өткен жылғы егілген көп жылдық шөптерді қоспағанда)	4600
15	Бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарында	9000
16	Күнбағыс және сүрлемдік жүгері	9000
17	Қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдары (1 дақыл айналым)	10560000